

15.06.21.

Алаш мұрасымен кемелденген тарихшы.

Портреттік көрме.

Құрметті оқырмандар! Кітапханамыздың оқу залы бөлімінде академик, тарих ғылымының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі Мәмбет Құлжабайұлы Қойгелдиевтің 75 жасқа толуына арналған «Алаш мұрасымен кемелденген тарихшы» атты көрме ұйымдастырылды.

Мәмбет Құлжабайұлы Қойгелдиев 18 тамыз 1946 жылы , Төле би ауылы, Шу ауданы, Жамбыл облысында туған.

Бішкектегі Қырғыз мемлекеттік университетін бітірген (1968).


1971 – 2002 жылы ҚазҰУ-де, Қазақстан КП ОК жанындағы Партия тарихы институтында, ғылыми-педогогикалық жұмыстарымен айналысты.

2002 жылдан ҚР Ұлттық ғылым академиясының Тарих және этнология институтының директоры.

20 ғасырдың алғашқы ширегіндегі қазақ интеллигенциясының қоғамдық-саяси қызметін зерттеумен шұғылданды. Тарих ғылымында Алаш қозғалысы тарихына жаңа көзқарас қалыптастырды. Сондай-ақ орта ғасырдағы қазақ ғұламасы, тарихшы Қадырғали Қосымұлының “Жылнамалар жинағы” ортағасырлық тарихи жазба дәстүрі негізінде өмірге келген құнды еңбек екендігін ғылыми тұрғыда негіздеді. Көрмеге М.Қойгелдиевтің өмірі мен қызметіне байланысты мерзімді басылым беттерінде жарияланған сұхбаттары, М. Қойгелдиевтің «Алаш қозғалысы» , «Тарих - күрес алаңы, Қазақ елі: Ұлттық бірегейлікті сақтау жолындағы күрес», «Тарих тағылымы не дейді?» «Айтылған тарих» , « Алаш қозғалысы» атты кітаптарын ұсынылды.

Кітап көрмесіне шақырамыз!





Қойгелдиев, М. Алаш қозғалысы [Мәтін] : екі томдық монография. 1-том / М. Қойгелдиев. - оңдесін, толықтырылған 2-бас. - Алматы: Мектеп, 2008. - 480б.
Кітапта XX ғасырдың бас кезіндегі қазақ зиялыларының отарлық езгі мен ортағасырлық мешеулікке қарсы күресі, Ө.Бөкейханов пен А.Байтұрсынұлы бастаған саяси қайраткерлердің тәуелсіз мемлекет Алаш автономиясын құру жолындағы жанкешті еңбегі тың деректер негізінде баяндалады.



Қойгелдиев, М. Қазақ елі: Ұлттық бірегейлікті сақтау жолындағы күрес (XIX ғ. - XXI ғ. басы) [Мәтін] : монография / М. Қойгелдиев. - Алматы: Дәстүр, 2014. - 432 б.
Қазақ елінің тарихы- ұлттық құндылықтар мен болмыс үшін, яғни, қазіргі ғылым ретінде ұлттық бірегейлікті сақтау үшін күрес тарихы. Ұлттық бірегейлік сақталмаған күнде біздің бүгінгі мемлекеттік тәуелсіздігіміздің шындыққа айналуы да екіталай болар еді. Автор осы арналымы күрестің соңғы жүзжылдықтардағы негізгі кезеңдері мен бағыттарына тоқталады.



Қойгелдиев, М. Тарих тағылымы не дейді? [Мәтін] : [зерттеу] / М. Қойгелдиев, Т. Омарбеков. - Алматы: Ана тілі, 1993. - 208 б.
Кітапта қазақ халқы тарихының осы уақытқа дейін зерттелмеген немесе біржақты зерттелген күрделі кезеңдерінің саяси бейнесі жасалған.



Қойгелдиев, М. Тарих - күрес алаңы [Мәтін] : мақалалар, сұхбаттар, хаттар / М. Қойгелдиев. - Алматы: Дәстүр, 2015. - 388 б.
Кітапта еліміздің өтпелі кезең арнасында жарық көрген ғылыми мақалалар, сұхбаттар және ресми орындарға жолданған хаттар топтастырылды. Тарих ғылымының қуатты күшке айналып, жаңа өріс алуы жағдайында даярланған бұл еңбектер отандық тарихтың түрлі тақырыптарын қамтиды.



Қойгелдиев, М. Алаш қозғалысы [Мәтін] : оқу құралы / М. Қойгелдиев. - Алматы: Санат, 1995. - 368 б.
Кітапта XX ғасырдың бас кезіндегі қазақ зиялыларының отарлық езгі мен ортағасырлық мешеулікке қарсы күресі, Ө.Бөкейханов пен А.Байтұрсынұлы бастаған саяси қайраткерлердің тәуелсіз мемлекет Алаш автономиясын құру жолындағы жанкешті еңбегі тың деректер негізінде баяндалады.



Айтылған тарих [Мәтін] : оқу құралы / жалпы ред. басқ.: М. Қ. Қойгелдиев. - Алматы: Дәстүр, 2015. - 240 б.
Ұсынылып отырған оқу құралында қазақ халқының тарих айту дәстүрі және оның бүгінгі жалғасы- айтылған тарих әдісін тарихи зерттеу жұмыстарына пайдаланудың теориялық, методологиялық және методикалық ерекшеліктері, сондай-ақ осы салада жинақталған шетелдік тәжірибелер қарастырылады.